

Қосымша білім беру бағдарламасының паспорты  
«Қаржылық сауаттылық»

№	Өріс атауы	Ескерту
1	Қосымша білім беру бағдарламасының атауы	Қаржылық сауаттылық
2	БББ түрі	Minor қосымша бағдарлама
3	БББ мақсаты	Білім алушылардың қаржы, қаржылық менеджмент және салық жүйесі саласындағы базалық және қолданбалы білімдерін қалыптастыру, жеке және корпоративтік қаржылық ресурстарды тиімді басқару дағдыларын дамыту, сондай-ақ қаржылық мәдениетті арттыру және негізделген экономикалық шешімдер қабылдау қабілетін жетілдіру.
4	ХҚКО бойынша деңгей	6
5	ҰБШ бойынша деңгей	6
6	СБШ бойынша деңгей	6
7	БББ айрықша ерекшеліктері	-
8	Серіктес ЖЖОКБҰ (Бірлескен БББ)	-
9	Құзыреттер тізімі	<b>Қ1</b> – Қаржы жүйесінің және қаржы институттарының жұмыс істеу қағидаттарын білу. <b>Қ2</b> – Қаржылық талдау мен қаржылық ресурстарды стратегиялық басқару құралдарын меңгеру. <b>Қ3</b> – Салық жүйесінің негіздерін түсіну және салық нормаларын практикалық қызметте қолдана білу. <b>Қ4</b> – Қаржылық тәуекелдерді бағалау және түрлі экономикалық жағдайларда тиімді шешімдер қабылдау қабілеті.
10	Оқыту нәтижелері	<b>ОН1</b> – Қаржы жүйесінің құрылымын, негізгі қаржылық санаттарды және олардың өзара әрекет ету тетіктерін сипаттайды. <b>ОН2</b> – Қаржылық менеджмент әдістерін қаржылық шешімдерді талдау, жоспарлау және оңтайландыру үшін қолданады. <b>ОН3</b> – Салық салу қағидаттарын түсіндіреді, салық міндеттемелерін айқындайды және салық құралдарын тәжірибеде пайдаланады. <b>ОН4</b> – Қаржылық тәуекелдерді талдайды және жеке және корпоративтік қаржы контекстінде оңтайлы стратегияларды негіздеп таңдайды.
11	Оқыту түрі	күндізгі
12	Оқыту тілі	Қазақша, орысша
13	Кредиттер көлемі	15
14	Пәндер туралы мәліметтер	<i>Қосымша 1</i>

*1 Қосымша*

№	Пәндер атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредит саны	Қалыптасқан нәтижелер (коды)
<b>Міндетті компонент</b>				
1	Қаржы	Пән қаржының мәнін, олардың функцияларын және экономикадағы рөлін ашады. Қаржылық ресурстар, қаржылық қатынастар, бюджет және банк жүйесі, сақтандыру, қаржы нарықтары зерттеледі. Білім алушылар қаржыны реттеу механизмдерін базалық деңгейде түсініп, макро- және микро деңгейдегі қаржылық үдерістерді талдау дағдыларын меңгереді.	5	ОН1, ОН2, ОН4
2	Қаржылық менеджмент	Пән ұйымның қаржылық ресурстарын басқару әдістеріне арналған. Қаржылық талдау, жоспарлау, бюджетті жасау, айналым капиталы, инвестициялық жобалар мен тәуекелдерді басқару қарастырылады. Білім алушылар қаржыны басқару құралдарын негізделген және тиімді басқарушылық шешімдер қабылдау үшін қолдануды үйренеді.	5	ОН1, ОН2, ОН4
<b>Таңдау компоненті</b>				
3	Салықтар және салық салу	Пән салық жүйесінің негіздерін, салық түрлерін, салық ставкаларын, салық салу элементтерін және салық міндеттемелерін орындау механизмдерін зерттейді. Білім алушылар салық әкімшілігімен, салық төлеушінің міндеттерімен танысып, түрлі экономикалық жағдайларда салықтарды есептеудің негізгі тәсілдерін меңгереді.	5	ОН3
	Шет елдердің салықтары және салық салу	Пән әртүрлі мемлекеттердің салық жүйелерін, салық салуға қатысты тәсілдердің салыстырмалы талдауын, халықаралық салық стандарттарын қарастырады. Арнайы назар жеке табысқа, корпоративтік және жанама салықтарға аударылады. Білім алушылар салық саясатының әлемдік тәжірибесін және оны халықаралық экономикалық қызметте қолдану тәсілдерін зерттейді.		
<b>Барлығы:</b>			<b>15 кредит</b>	